ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 қараша №2301-23-00-2/2436 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Хиуаз Доспанова» атындағы Атырау халықаралық әеужайы» акционерлік қоғамы,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Медетбаева А.А.» - Асемгуль Адилбаевна Медетбаева,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.А.Сатанова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 10 қаңтарда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №1-12 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша тараптар шартқа қол қойған күннен бастап, жауапкер 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге қауіпті емес қалдықтарды шығару/жинау қызметтерін көрсетуге міндеттенген.

Алайда, жауапкер міндеттемені шартта көзделген мерзімде орындамаған.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (бұдан әрі – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында талап қоюшының уәждері өз дәлелін тапты, жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамаған. Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен заңда көзделген мерзімде жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 26.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 28.12.2023

2301-23-3-1/2826

Талап қоюшы «Хиуаз Доспанова» атындағы Атырау халықаралық әеужайы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Медетбаева А.А.» - Асемгуль Адилбаевна Медетбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Медетбаева А.А.» - Асемгуль Адилбаевна Медетбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Медетбаева А.А.» - Асемгуль Адилбаевна Медетбаевадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «28» желтоқсан 2023 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 26.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 28.12.2023
2301-23-3-1/2826